Ә. Б. Ақпаева, Л. А. Лебедева

# МАТЕМАТИКА

## ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

Жалпы білім беретін 11 жылдық мектептің
2-сынып мұғалімдеріне арналған

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Алматыкітап баспасы
2014

## Пәндік нәтижеге қол жеткізуді және пәнаралық байланыстарды іске асыруды үлгілік жоспарлау

| № | Сабақтың тақырыбы | Пәндік нәтиже | Мүмкін болатын пәнаралық байланыстар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | **І тоқсан. 36 сағат.**<br>***1-сыныпта өткенді қайталау (8 сағат)***<br>**Біртаңбалы сандарды ондықтан аттап өту арқылы қосу.**<br>***Санды өрнек. Сынық сызық және оның ұзындығы. (28 сағат. 42 – 28 =14 сағаты ІІ тоқсанда)***<br>**(тақырып бойынша барлығы 42 сағат)** | | |
| | | **1-сыныпта өткенді қайталау** | |
| 1 | 0-ден 10-ға дейінгі сандар. Толық ондықтар. 100-ге дейінгі сандар (салыстыру, қосу, азайту). 10-ға дейінгі сандардың құрамы. | Оқушы 10-ға дейінгі сандарды нөмірлеуді және оның құрамын анықтайды, толық ондықтармен санауға байланысты оқу материалын жалпылайды және қорытады; оқылған мазмұнды жүйелеу және қорыту дағдысын қалыптастыру. | Еңбекке баулу |
| 2 | Сандарды салыстыру. Теңдіктер. Теңсіздіктер. Теңдеулер. | Оқушы теңдік, теңсіздік, теңдеу ұғымдары бойынша білімін жүйелейді және жалпылайды; оқылған мазмұнды жүйелеу және қорыту дағдысын қалыптастыру. | Дене шынық-тыру |
| 3–4 | Есептер шығару. Білімдерін тексеру.<br><br>Білім, білік, дағдыларының меңгерілуін тексеру. | Оқушы оқылған есеп түрлерін шығару бойынша алған білімін жүйелейді және қорытындылайды; оқылған мазмұнды жүйелеу және қорытындылау дағдысын қалыптастыру.<br>Оқушы оқылған материалды меңгеру деңгейін тексереді, өзіне кезіккен қиындықтарды анықтайды. | Дүниетану<br><br>Әдебиеттік оқу |
| 5 | 11-ден 20-ға дейінгі сандардың құрамы, оқылуы, жазылуы. Сандарды салыстыру. | 11-ден 20-ға дейінгі екітаңбалы сандардың жасалуы, оқылуы, жазылуы туралы оқушының ұғымы кеңейеді. | Әдебиеттік оқу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6 | «Ондық», «бірлік» 11-ден 20-ға дейінгі сандардың ондық құрамы. | Оқушының екітаңбалы сандар туралы ұғымы кеңейеді, 11-ден 20-ға дейінгі сандарды оқу, жазу және салыстыруды, олардың ондық құрамын атауды үйренеді. | Дүниетану |
| 7 | Сандардың ондық құрамы негізінде қосу және азайту. | Оқушы сандардың ондық құрамы туралы білімге негізделген қосу және азайту тәсілдерін «ашады»; оқушыда 10 + 5; 15 – 5; 15 – 10 үлгісінде қосу және азайту тәсілін өз бетімен құру және пайдалану дағдысы қалыптасады. | Әдебиеттік оқу |
| 8 | Өткенді пысықтау. | Оқушы сандардың ондық құрамы туралы білімге негізделген қосу және азайту тәсілдерін жүйелейді және қорытындылайды. | Бейнелеу өнері |
| **20-ға дейінгі сандарды разрядтан аттап өту арқылы қосу және азайту. Сантиметр. Дециметр (28 сағат)** | | | |
| 9 | Екінші ондық құрам негізінде қосу және азайту. Сантиметр. Дециметр. Сантиметр мен дециметрдің арақатысы. | Оқушы ұзындық өлшем бірліктерін – сантиметр мен дециметрді және олардың арақатысын біледі. Оқушы заттардың ұзындығын өлшеу үшін өлшем таңдауды үйренуге мүмкіндік алады. | Дүниетану |
| 10 | Фигураларды әріппен белгілеу. Ұзындығы берілген кесіндіні 1 сантиметрге дейінгі дәлдікпен сызу. | Оқушы латын әліпбиі әріптерінің атауларымен танысуға мүмкіндік алады; оқылған қосу және азайту жағдайлары туралы білімін бекітеді. | Әдебиеттік оқу |
| 11 | Айырымдық салыстыруға арналған есептерді шығару. | Оқушы айырымдық салыстыруға арналған жаңа есептер түрін «ашады», осы түрдегі есептерді шығару дағдысы қалыптасады. Оқушы есептерді жанама түрде тұжырымдауды үйренуге мүмкіндік алады. | Дүниетану |
| 12 | Ондықтан аттап өту арқылы қосуға және азайтуға дайындық. | Оқушы ондықтан аттап өту арқылы қосу және оған сәйкес азайту жағдайларын орындау тәсілін енгізу үшін білімін белсендіреді. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | (8 + 2 + 4; 16 – 6 – 2 түріндегі екі амалды өрнек) | Айырымдық салыстыруға арналған есептерді шығару дағдысын қорытындылайды. | Әдебиеттік оқу |
| 13 | Біртаңбалы сандарды ондықтан аттап өту арқылы қосу тәсілі. | Оқушы біртаңбалы санды ондықтан аттап өту арқылы қосу тәсілін біледі. | Еңбекке баулу |
| 14 | Біртаңбалы сандарды ондықтан аттап өту арқылы азайту тәсілі. Қосу және азайтуды тексеру. | Оқушы біртаңбалы санды ондықтан аттап өту арқылы азайту тәсілін біледі. Оқушы қосу мен азайтудың өзара байланысы туралы білім негізінде арифметикалық амалдарды тексеру тәсілдерін «ашады». | Дене шынық-тыру |
| 15 | Біртаңбалы екі саннан тұратын 11 санының құрамы, оған сәйкес қосу және азайту амалдары. | Оқушы біртаңбалы екі саннан 11 санын құруды, оған сәйкес қосу мен азайту амалдарын орындауды үйренеді. | Әдебиеттік оқу |
| 16 | Белгісіз қосылғышты табуға берілген есептер. | Белгісіз қосылғышты табуға арналған есептерді анықтау және шығару дағдысы қалыптасады. Оқушы осы түрдегі есептерді салыс-тыруды үйренуге мүмкіндік алады. | Дүниетану |
| 17 | Біртаңбалы екі саннан тұратын 12 санының құрамы, соған сәйкес қосу және азайту амалдары. | Оқушы біртаңбалы екі саннан 12 санын құруды, соған сәйкес қосу мен азайту амалдарын орындауды үйренеді. | Еңбекке баулу |
| 18 | Жанама есептерді шығару. Өткенді пысықтау. | Оқушы жанама есептерді анықтайды және шығаруды үйренеді. | Әдебиеттік оқу |
| 19 | Біртаңбалы екі сан-нан тұратын 13 сан-ының құрамы, соған сәйкес қосу және азайту амалдары. | Оқушы біртаңбалы екі саннан 13 санын құруды, оған сәйкес қосу мен азайту амалдарын орындауды үйренеді. | Әдебиеттік оқу |
| 20 | Белгісіз азайғышты табуға берілген есептер. | Оқушы жаңа үлгідегі есептерді шығаруды үйренеді, оқылған ондықтан аттап өту арқылы қосу мен азайту жағдайларын қолдануға мүмкіндік алады. | Дүниетану |

*жалғасы*

| | | | |
|---|---|---|---|
| 21 | Өткенді пысықтау. | Жаңа үлгідегі есептерді шығару дағдысына, оқылған ондықтан аттап қосу мен азайту жағдайларына қорытынды жасайды. | Бейнелеу өнері |
| 22 | 14 санының құрамындағы екі біртаңбалы сан және осыған сәйкес қосу мен азайту жағдайлары. | Оқушы жауабы 14 саны болатын қосу кестесін құру негізінде біртаңбалы сандарды ондықтан аттап өту арқылы қосу мен азайтуды үйренеді. | Қазақ тілі |
| 23 | Өткенді пысықтау. | Оқушы жауабы 11–14 сандары болатын кестелік қосу және азайту амалдарын орындайды. | Бейнелеу өнері |
| 24 | 15, 16 сандарының құрамындағы екі біртаңбалы сан және осыған сәйкес қосу мен азайту жағдайлары. | Оқушы жауабы 15, 16 сандары болатын қосу кестесін құру негізінде біртаңбалы сандарды ондықтан аттап өту арқылы қосу мен азайтуды үйренеді. | Қазақ тілі |
| 25 | Өткенді пысықтау. | Кестелік қосу мен азайтуға қорытынды жасалады. | Әдебиеттік оқу |
| 26 | 17, 18 сандарының құрамындағы екі біртаңбалы сан және осыған сәйкес қосу және азайту жағдайлары. | Оқушы жауабы 17, 18 сандары болатын қосу кестесін құру негізінде біртаңбалы сандарды ондықтан аттап өту арқылы қосу мен азайтуды үйренеді. | Әдебиеттік оқу |
| 27 | 20-ға дейінгі біртаңбалы сандарды қосу кестесі. Есептердің жаңа түрі: 1 мен 2-де қанша болса, үшіншіде сонша. | Оқушы «1 мен 2-де қанша болса, үшіншіде сонша» деген жаңа есеп түрін үйренеді; 20 саны көлеміндегі сандарды қосу мен азайтудың кестелік жағдайларын меңгеру деңгейін анықтайды. | Дене шынық-тыру. Әдебиеттік оқу |
| 28 | Өткенді пысықтау. 20-ға дейінгі сандарды қосу мен азайтудың кестелік жағдайларының меңгерілуін бақылау. | 20 саны көлеміндегі қосу мен азайтудың кестелік жағдайларының меңгерілуін қорытындылау. | Қазақ тілі |

*жалғасы*

| | | | |
|---|---|---|---|
| 29 | Жақшалы өрнектерді жазу және оқу, жақшалы өрнектердегі амалдарды орындау тәртібі. | Оқушы жақшалы өрнектерді жазу мен оқуды, олардың мәнін табуды үйренеді; жақшалы өрнектердегі амалдардың орындалу тәртібімен танысады. | Ана тілі |
| 30 | Белгісіз азайтқышты табуға берілген есептер. | Оқушы есептің жаңа түрін біледі; кері есептерді шығаруды, есептердің шығарылуын тексеруді үйренеді. | Дүниетану |
| 31 | Өткенді пысықтау. | Белгісіз азайтқышты табуға арналған есептерді шығару, жақшалы өрнектерді жазу және оны шығару, алған білімдерін қорытындылау. | Әдебиеттік оқу |
| 32 | Баға. Құн. Теңге. | Оқушы баға, құн және ақша бірліктері ұғымдарымен танысады. | Дүниетану |
| 33 | Есептер шығару. | Оқушы баға мен ақша бірліктері туралы білімін, әртүрлі есеп түрлерін шығару дағдыларын жүйелейді және қорытады, сондай-ақ қосу мен азайтудың кестелік жағдайларын бекітеді. | Дүниетану |
| 34 | І тоқсан бойынша қорытынды бақылау жұмысы. Қайталау. | Оқушы 20 саны көлемінде есептеу білігі мен дағдыларының қалыптасу деңгейін, есептің әр түрлерін шығару дағдысын өзі бақылайды. | Қазақ тілі |
| 35–36 | Өткен материалды қорытындылау және жүйелеу. | Оқушының І тоқсанда алған білімі қорытындыланады, оқылған материалдар жүйеленеді. | Әдебиеттік оқу |
| | **ІІ тоқсан. 28 сағат.**<br>**Біртаңбалы сандарды ондықтан аттап өту арқылы қосу**<br>***Санды өрнек. Сынық сызық және оның ұзындығы – 14 сағат (жалғасы)***<br>**20-дан 100-ге дейінгі сандар – 40 сағаттың 14 сағаты алынады (40 – 14 = 26 сағат ІІІ тоқсанға қалады)** | | |
| 37 | Сынық сызық. Сынық сызықтың ұзындығы. | Оқушы сызықтардың атауларын біледі, сынық сызықтың түрін (тұйық және тұйықталмаған) және оның буындары болатынын үйренеді. | Еңбекке баулу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **0-ден 100-ге дейінгі сандар. Қосу мен азайтудың ауызша тәсілі** | | |
| 38 | 21-ден 100-ге дейінгі сандар (сандардың жасалуы, оқылуы, жазылуы, салыстыру). | Оқушы екітаңбалы сандардың жасалуын, оқылуын және жазылуын меңгереді. | Дүниетану |
| 39 | Екітаңбалы сандардың ондық құрамы. Ондық құрам негізінде қосу және азайту. | Оқушы сандардың ондық құрамын айқындауды үйренеді; осы білімі негізінде қосу мен азайтуды орындауды меңгереді. | Дүниетану |
| 40 | Санды өрнек және оның мәні. Санды өрнектерді олардың мәндері бойынша салыстыру. | Оқушы өрнектерді олардың мәндері бойынша салыстыруды үйренеді. Мәтіндік есептерді шығару дағдысын; ойлау операцияларын – талдау, жинақтау және қорытуды жаттықтыруға мүмкіндік алады. | Дүниетану |
| 41 | Метр – ұзындық өлшем бірлігі. | Оқушы ірілеу өлшем бірлігі – метр туралы ұғымды меңгереді. Ондық жүйе мен оқылған ұзындық өлшем бірліктерінің арақатысы мен байланысын білуге мүмкіндік алады. | Дүниетану |
| 42 | Көпбұрыштар. Көпбұрыш элементтері (төбелері, бұрыштары, қабырғалары). Көпбұрыштың периметрі. | Оқушылар көпбұрыштарды анықтауды және олардың маңызды белгілерін, фигуралардың элементтерін табуды үйренеді. «Көпбұрыш периметрі» деген ұғымды меңгереді және оны табады. Ойлау операцияларын – талдау, жинақтау және қорытуды жаттықтыруға мүмкіндік алады. | Еңбекке баулу |
| 43 | Бұрыш түрлері (тік, сүйір, доғал). | Оқушылар бұрыштардың жіктелуін (тік, сүйір, доғал) меңгереді. Көпбұрыштың элементтері және олардың атаулары туралы білімін қолдануға мүмкіндік алады. | Еңбекке баулу |
| 44 | Шаршы және тіктөртбұрыш. | Оқушылар тіктөртбұрыш пен шаршының негізгі қасиеттері туралы біледі; фигуралардың ұқсастығы мен айырмашылығын айқындай отырып, оларды салыстыруды үйренеді | Еңбекке баулу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 45 | Тіктөртбұрыш және шаршының периметрі. | Оқушылар тіктөртбұрыш пен шаршының периметрін табу алгоритмін қолдануды, есептер шығаруды үйренеді. | Еңбекке баулу |
| 46 | Өткенді пысықтау. | Оқушылар фигуралардың периметрін табу біліміне қорытынды жасайды. Ойлау операцияларын – талдау, жинақтау және қорытуды жаттықтыруға мүмкіндік алады. | Дене шынық-тыру |
| 47 | Құрама есептер (қосынды мен қалғанын табуға арналған есептер). | Оқушылар құрама есептердің белгілерін және олардың шешу жолдарын жазуды біледі. | Әдебиеттік оқу |
| 48 | Құрама есептерді шығару. | Оқушылар есептерді талдауды және екі амалмен шығаруды үйренеді. | Дүниетану |
| 49 | Сыйымдылық. Литр. Өткенді пысықтау. | Оқушы сыйымдылық, оны өлшем бірлігі – литр туралы ұғымды түсінеді; алған білімін есептерді шығарған кезде қолдануға мүмкіндік алады. | Қазақ тілі |
| 50 | Сағат. Минут. | Оқушылар жаңа өлшем бірліктері – сағат және минут, олардың ара-қатынасы туралы біледі; сағат бойын-ша уақытты анықтауды үйренеді. | Дүниетану |
| 51 | Секунд. Өткенді пысықтау. | Оқушылар жаңа өлшем бірлігі – секунд туралы, минут пен секундтың арақатынасы туралы біледі; сағат бойынша уақытты анықтауды үйренеді. | Дүниетану |
| 52 | Қосудың терімділік қасиеті және оны есептерді әртүрлі тәсілдермен шығарған кезде қолдану. | Оқушы қосудың терімділік қасиетіне негізделген көршілес екі қосылғышты олардың қосынды-сымен ауыстыру (коммуникативтік) тәсілін үйренеді. Осы қасиетті үш қосылғыштың қосындысын табуға арналған есептерді шығарудың әртүрлі тәсілін табу үшін қолдануға мүмкіндік алады. | Қазақ тілі |
| 53 | Өткенді пысықтау. | Оқушы қосудың терімділік қасиетіне негізделген көршілес екі қосылғышты олардың қосынды-сымен ауыстыру (коммуникативтік) тәсілін қолдануды үйренеді. | Бейнелеу өнері |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 54 | Қосындыдан санды азайту тәсілі. | Оқушы қосындыдан санды азайту тәсілдерін меңгереді, есептерді әртүрлі тәсілмен шығаруды үйренеді. | Қазақ тілі |
| 55 | Өткенді пысықтау. | Оқушы есепті әртүрлі тәсілмен шығарған кезде санды қосындыдан азайту тәсілін қолдануды үйренеді. | Бейнелеу өнері |
| 56 | 25 + 3, 28 – 3, 35 + 2, 37 – 2 түріндегі қосу және азайту. | Оқушы 35 + 2; 37 – 2 түріндегі қосу мен азайтуды үйренеді; есеп шығару дағдысын бекітуге мүмкіндік алады. | Әдебиеттік оқу |
| 57 | 40 + 34, 74 – 40 түріндегі қосу және азайту. | Оқушы 40 + 34; 74 – 40 түрінде (ондықтарды екітаңбалы санға қосу немесе екітаңбалы саннан азайту) қосу мен азайтуды үйренеді. | Қазақ тілі |
| 58 | Саннан қосындыны азайту. Өткенді пысықтау. | Оқушылар саннан қосындыны азайту тәсілін және оны мәтіндік есептерді әртүрлі амалмен шығарған кезде қолдануды үйренеді. | Әдебиеттік оқу |
| 59 | 42 + 34, 76 – 34 түріндегі қосу және азайту. | Оқушылар екітаңбалы сандарды ондықтарын қатыстырып қосу мен азайтуды үйренеді. | Дүниетану |
| 60 | Тәулік. Апта.Ай. Өткенді пысықтау. | Оқушылар тәулік, апта, ай сияқты уақыт өлшем бірліктерін меңгереді. Оқылған уақыт өлшем бірліктері туралы білімін жүйелеуге, уақыт өлшем бірліктері арақатысы кестесін құру мен оны қолдануға мүмкіндік алады. | Дүниетану |
| 61 | Жыл. Ғасыр. | Оқушылар жыл, ғасыр сияқты уақыт өлшем бірліктерін меңгереді. Оқылған уақыт өлшем бірліктері туралы білімін жүйелеуге, уақыт өлшем бірліктері арақатысы кестесін құру мен оны қолдануға мүмкіндік алады. | Дүниетану |
| 62 | Өткенді пысықтау. | Оқушы оқылған арифметикалық амалдардың қасиеттерін есептеулерді тиімді ету үшін пайдалануды, сурет, қысқаша жазылуы, санды өрнек бойынша есеп құрастыруды үйренеді. | Әдебиеттік оқу |
| 63–64 | II тоқсан бойынша қорытынды бақылау жұмысы. | Оқушы 2-тоқсан бойынша алынған білім, білік, деңгейін тексеруге арналған бақылау мен өзін-өзі бақылаудан өтеді. | Қазақ тілі |

*жалғасы*

| | | | |
|---|---|---|---|
| 64 | Өткенді қайталау. Білімдерін тексеру. | Оқушы екітаңбалы сандарды қосу мен азайту және есеп шығару дағдыларын жүйелейді және қорытындылайды. | Дүниетану |
| **III тоқсан. 40 сағат.**<br>**20-дан 100-ге дейінгі сандар (26 сағат – 40 сағаттан қалғаны)**<br>**1000-ға дейінгі сандар (14 сағат)**<br>***Масса, сыйымдылық, уақыт өлшем бірліктері. Тік бұрыш. Тіктөртбұрыш. Шаршы. Көпбұрыш периметрі*** | | | |
| 65 | Өтілген материалдарды қорытындылау. | Оқушы екітаңбалы сандарды қосу және азайту, өтілген есеп түрлерін шығару білімін қорытындылайды және жүйелейді. | Дүниетану |
| 66 | Әріпті және санды өрнектер. | Оқушы әріпті өрнектерді оқу, құрылымы әртүрлі санды өрнектердің мәнін табу дағдысын меңгереді. | Еңбекке баулу |
| 67 | $x + 30 = 20 + 38$ түріндегі құрылымы күрделі теңдеуді шешу. | Оқушы құрылымы күрделі теңдеулерді шешу тәсілін меңгереді. | Дүниетану |
| 68 | Есепті теңдеу құру арқылы шығару. | Оқушы есептерді қарапайым теңдеу құру арқылы шығару тәсілін меңгереді. | Қазақ тілі |
| 69 | Құрама кері есептер шығару. | Оқушы құрама есептерді құрастыру және шығару дағдысын меңгереді. | Қазақ тілі |
| 70 | $68 + 2$; $70 - 2$ түріндегі ең жақын ондыққа дейін толықтыру негізінде қосу және азайту. | Оқушы ең жақын ондыққа дейін толықтыру негізінде қосу және азайту (толық ондықтан азайту) тәсілін меңгереді. | Дүниетану |
| 71 | Есептер шығару (айырымдық салыстыруға арналған құрама есептер). | Оқушы айырымдық салыстыруға арналған құрама есептерді шығару дағдысын меңгереді. | Әдебиеттік оқу |
| 72 | $35 + 15$, $50 - 15$ түріндегі ауызша есептеу тәсілі. | Оқушы толық ондыққа дейін толықтыру жүзеге асырылған жағдайда екітаңбалы сандарды қосуды, екітаңбалы санды толық ондықтан азайтуды орындау дағдысын меңгереді. | Әдебиеттік оқу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 73 | 63 + 37; 100 – 37 түріндегі ауызша есептеу тәсілдері. | Оқушы ауызша жүздікке дейін толықтыру, жүздіктен азайту тәсілдерін орындау дағдыларын меңгереді. | Дүниетану |
| 74 | Өткенді пысықтау. | Оқушы екітаңбалы сандарды ауызша қосу мен азайтудың өтілген тәсілдері бойынша алған білімдерін қорытындылайды. | Дүниетану |
| 75 | 37 + 7; 44 – 7 түріндегі ауызша есептеу тәсілі. | Оқушы разрядтан аттап өту арқылы ондықтарды қосу мен азайтуға және бірліктерді қосуға негізделген ауызша есептеу тәсілін орындау дағдысын меңгереді. | Дүниетану |
| 76 | 78 + 16; 94 – 16 түріндегі ауызша есептеу тәсілдері. | Оқушы екітаңбалы сандарды разрядтан аттап өту арқылы қосу мен азайту тәсілін орындау дағдысын меңгереді. | Қазақ тілі |
| 77 | Дөңгелектеу арқылы тиімді есептеу. | Оқушылар ауызша қосу мен азайту тәсілдерін қорытады, тиімді есептеу тәсілдерін қолдануды үйренеді. | Еңбекке баулу |
| 78–79 | Өткенді пысықтау. Білім, білік, дағдыларының деңгейін тексеру. | Оқушылар қосу мен азайтудың ауызша тәсілі бойынша алған білімдерін қорытады, тиімді есептеу тәсілін қолдануды үйренеді.<br>Оқушы 2-тоқсанда алған білім, білік, дағдысын меңгеру бойынша бақылау мен өзін-өзі бақылаудан өтеді. | Еңбекке баулу<br><br>Ана тілі |
| 80 | Белгісіз үшінші қосылғышты табуға берілген есептер. | Оқушы белгісіз үшінші қосылғышты табуға берілген есептерді шығару дағдысын меңгереді. | Қазақ тілі |
| 81 | 100-ге дейінгі сандарды қосу мен азайтудың жазбаша тәсілі. 32 + 45; 77 – 32 түріндегі қосу және азайту. | Оқушы разряд бойынша қосу мен азайтудың жазбаша тәсілін орындау алгоритмін меңгереді. | Қазақ тілі |
| 82 | Өткенді пысықтау. | Оқушы разряд бойынша қосу мен азайтудың жазбаша тәсілін орындау алгоритмін меңгереді, өтілген тәсілді әртүрлі тапсырмаларды орындаған кезде қолдануды үйренеді. | Дүниетану |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 83 | 46 + 4; 50 – 4; 46 + 14; 60 – 14 түріндегі азайтудың жазбаша тәсілі. | Оқушы бірліктерді толық ондыққа дейін қосу (толық ондыққа дейін азайту) негізінде қосу мен азайтудың жазбаша тәсілін меңгереді. | Әдебиеттік оқу |
| 84 | Өткенді пысықтау. | Оқушы бірліктерді толық ондыққа дейін қосу (толық ондыққа дейін азайту) негізінде жазбаша қосу және азайту тәсілін меңгереді, оқылған тәсілді әртүрлі тапсырмаларды орындаған кезде қолдануды үйренеді. | Дүниетану |
| 85 | 82 + 18; 100 – 82 түріндегі қосу және азайту. | Оқушы толық ондыққа дейін толықтыру және 100 санын алу негізінде қосу мен азайтудың жазбаша тәсілін меңгереді. | Ана тілі |
| 86 | 15 + 28; 43 – 15 түріндегі қосу және азайту. | Оқушы разрядтан аттап өту арқылы қосу мен азайтудың жазбаша тәсілін меңгереді. | Ана тілі |
| 87 | $15 + 9 + x = 30$ түріндегі құрылымы күрделі теңдеуді шешу. Азайтудың жазбаша тәсілін бекіту. | Оқушы құрылымы күрделі теңдеу түрін шешуді үйренеді. | Қазақ тілі |
| | **0-ден 1000-ға дейінгі сандар** | | |
| 88 | Жүздік – жаңа есептеу бірлігі. Мың. Массаның өлшем бірліктері: центнер, тонна. | Оқушы жүздік, үштаңбалы сандарды нөмірлеу туралы ұғымды түсінеді; үштаңбалы сандарды салыстыруды үйренеді.<br>Оқушы массаның өлшем бірліктерін (тонна, центнер) және олардың арақатысын:<br>1ц = 100 кг; 1 т = 1000 кг;<br>1 т = 10 ц пайдалана отырып, масса шамаларының мәндерін оқу мен жазуды үйренеді. | Дүниетану |
| 89 | Үштаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру. | Оқушы 0-ден 1000-ға дейінгі сандардың құралуын, аталуын, оқылуын, жазылуын, салыстыруды және салыстыру нәтижесін жазуды, берілген сандарды реттеуді үйренеді.<br>Оқушы үштаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру дағдысын меңгереді. | Дүниетану |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 90 | Разрядтық қосылғыштардың қосындысы. Нөмірлеуге негізделген қосу мен азайту. | Оқушылар үштаңбалы сандарды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде көрсетуді үйренеді; нөмірлеуге негізделген қосу мен азайту дағдысын меңгереді. | Қазақ тілі |
| 91 | Массаның өлшем бірлігі – грамм. Нөлмен аяқталатын сандарды қосу және азайту. | Оқушы жаңа масса өлшем бірлігі – граммды біледі; аталған бірліктермен есептеулер орындауды үйренуге мүмкіндік алады. | Дүниетану |
| 92 | 1000 саны көлемінде ауызша есептеу тәсілі (1000 көлемінде разрядтық түрде қосу және азайту). | Оқушы қосу мен азайтудың ауызша тәсілін (разрядтық түрде қосу және азайту негізінде) меңгереді. | Қазақ тілі |
| 93 | Өткенді пысықтау (1000 саны көлемінде қосу және азайтудың ауызша тәсілі). | Оқушы 1000 саны көлемінде өзіне белгілі болған барлық ауызша есептеу жағдайларын қорытындылауға және жүйелеуге мүмкіндік алады. | Дүниетану |
| 94 | Ұзындық өлшем бірліктері. Километр. | Оқушы ұзындық өлшемінің жаңа бірлігі – километрді біледі: аталған сандармен есептеулерді орындауды үйренеді. | Еңбекке баулу Дүниетану |
| 95 | Бірдей қосылғыштардың қосындысын табу. Есептер шығару. | Оқушы бірдей қосылғыштардың қосындысын табуға берілген есептерді шығару дағдысын меңгереді. | Дүниетану |
| 96 | 1000 саны көлеміндегі есептеудің ауызша тәсіл. Толық ондық санға дейін толықтыру және азайту, разрядтан бір рет аттап өту арқылы есептеу. Бірдей қосылғыштардың қосындысына арналған практикалық есептерді шығару. | Оқушы үштаңбалы сандарды есептеудің ауызша тәсілін меңгереді. | Қазақ тілі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 97 | 1000-ға дейінгі сандарды есептеудің ауызша тәсілі. Есептеу амалдарын салыстыру. | Оқушы үштаңбалы сандарды есептеудің ауызша тәсілін меңгереді. | Қазақ тілі |
| 98 | Теңдей бөліктерге бөлуге берілген практикалық есептерді шығару. | Оқушы бөлу амалының мағынасын ашатын есептерді шығару тәсілдерін меңгереді. | Дүниетану |
| 99 | Пысықтау бөлуге берілген практикалық есептерді шығару. | Оқушы бөлу амалының мағынасын ашатын есептерді шығару тәсілдерін меңгереді. | Қазақ тілі |
| 100 | Өткенді пысықтау. | Оқушы 1000 саны көлеміндегі есептеудің ауызша тәсілі бойынша алған білімдерін қорытындылайды. | Қазақ тілі |
| 101 | Өткенді пысықтау. | Оқушы 1000 саны көлеміндегі есептеудің ауызша тәсілі бойынша алған білімдерін қорытындылайды. | Қазақ тілі |
| 102–103 | Өткенді пысықтау.<br><br>Білімдерін тексеру. | Оқушы 1000 саны көлеміндегі есептеудің ауызша тәсілі бойынша алған білімдерін қорытындылайды<br>Оқушы өтілген материал бойынша бақылау мен өзін-өзі бақылаудан өтеді. | Қазақ тілі<br><br>Қазақ тілі |
| 104 | Өткенді пысықтау. | Оқушы үйренген есептеу тәсілдерін әртүрлі тапсырмаларды орындау үшін пайдалануға, есеп шығару дағдыларын жүйелеуге мүмкіндік алады. | Қазақ тілі |
| **IV тоқсан. 32 сағат. Көбейту және бөлу (24 сағат).** ***Тіктөртбұрыштың, шаршының периметрі.*** **Қайталау (8 сағат)** | | | |
| 105 | Өткенді пысықтау. | Оқушы өзінің 1000 саны көлемінде есептеудің ауызша тәсілін қолданады, бірдей қосылғыштар қосындысын табуға арналған есептерді практикалық тәсілмен шешу дағдыларын талдауға мүмкіндік алады. | Қазақ тілі |
| **Көбейту және бөлу** | | | |
| 106 | Көбейту. Көбейту компоненттері мен нәтижесінің атаулары. | Оқушы көбейту амалының мән-мағынасын және көбейту амалы компонеттерінің атауларын біледі, бірдей қосылғыштардың қосындысын көбейтіндіге түрлендіруді үйренеді. | Қазақ тілі |

*жалғасы*

| | | | |
|---|---|---|---|
| 107 | Көбейту амалының мән-мағынасын ашатын есептер шығару. | Оқушы көбейту амалын бірдей қосылғыштардың қосындысымен алмастыру тәсілін меңгереді. | Қазақ тілі |
| 108 | Өткенді пысықтау. | Оқушы математикалық терминдерді пайдалану, жаңа үлгідегі есептерді шығару және қысқаша жазбасын жазу дағдыларын меңгереді. | Қазақ тілі |
| 109 | Бөлу амалының мән-мағынасы. | Оқушы «бөлу» ұғымын және бөлу компоненттерінің атауларын түсінеді. | Қазақ тілі |
| 110 | Бөлу амалының мән-мағынасын ашатын есептер. | Оқушы жаңа математикалық есеп түрін (теңдей бөліктерге бөлу және құрамы бойынша бөлу) меңгереді. | Қазақ тілі |
| 111 | Өткенді пысықтау | Оқушы бөлу мен көбейту мағынасын ашатын есептерді шығару тәсілдерін меңгереді. | Дүниетану |
| 112 | Бекіту. | Оқушы көбейту және бөлу амалдары, осы амалдардың мағынасын ашатын есептер туралы білімін жүйелейді және қорытындылайды. | Дүниетану |
| 113 | Көбейтудің ауыстырымдылық қасиеті. | Оқушы көбейтудің ауыстырымды-лық қасиетінің мағынасын түсінеді, оны есептеу кезінде пайдалануды үйренеді. | Еңбекке баулу |
| 114 | Бөлу мен көбейтудің өзара байланысы. Бөлу мен көбейтуді тексеру. | Оқушы практикалық амалдарды орындау негізінде көбейту және бөлу амалдарының өзара байланысын түсінеді. | Дүниетану |
| 115 | Көбейтінді мен бөлінділі табуға арналған қарапайым есептер (кері есептер) шығару. | Оқушы кері есептерді шығару мысалында көбейту және бөлу амалдарының мағынасы мен өзара байланысын түсінеді. | Қазақ тілі |
| 116 | Өткенді пысықтау. | Оқушы кері есептерді шығару мысалында көбейту және бөлу амалдарының мағынасы мен өзара байланысы туралы білімдерін қорытындылайды. | Қазақ тілі |
| 117 | 2 санына көбейту және бөлу кестесін құрастыру. | Оқушы практикалық амалдар негізінде 2 санына көбейту және бөлу кестесін құрастырады. | Дүниетану |

*жалғасы*

| | | | |
|---|---|---|---|
| 118 | Төрт арифметикалық амалдан және жақшадан тұратын өрнектердегі амалдар тәртібі. | Оқушы төрт арифметикалық амалдан және жақшадан тұратын өрнектердегі амалдар тәртібі қағидасын біледі, оны есептеу кезінде қолдануды үйренеді. | Әдебиеттік оқу |
| 119 | Өткенді пысықтау. | Оқушы алған білімі мен амалдар тәсілдерін әртүрлі тапсырманы орындаған кезде қолдануды үйренеді. | Әдебиеттік оқу |
| 120 | 3 санына көбейту және бөлу кестесін құрастыру. | Оқушы практикалық амалдар негізінде 3 санына көбейту және бөлу кестелерін құрастырады. | Қазақ тілі |
| 121 | Өткенді пысықтау. | Оқушы оқылған білімі мен іс-қимыл тәсілдерін әртүрлі тапсырмаларды орындаған кезде қолдануды үйренеді. | Қазақ тілі |
| 122 | Тіктөртбұрыш пен шаршының периметрі. | Оқушы тіктөртбұрыш пен шаршының периметрін табудың жаңа тәсілдерін меңгереді. | Қазақ тілі |
| 123 | Өткенді пысықтау | Оқушы оқылған білімі мен іс-қимыл тәсілдерін әртүрлі тапсырмаларды орындаған кезде қолдануды үйренеді. | Қазақ тілі |
| 124 | 4 санына көбейту және бөлу кестесін құрастыру. | Оқушы практикалық амалдар негізінде 4 санына көбейту және бөлу кестесін құрастырады. | Қазақ тілі |
| 125 | 4 санына көбейту және бөлу кестесін пысықтау. | Оқушы алған білімі мен үйренген амалдарды әртүрлі тапсырмаларды орындауда қолдануды үйренеді. | Қазақ тілі |
| 126 | Есеп шығару. | Оқушы көбейту және бөлу амалдарының мағынасын ашатын есептерді шығару дағдысын қорыту мен жүйелеуге мүмкіндік алады. | Әдебиеттік оқыту |
| 127 | Өткенді пысықтау. | Оқушы алған білімі мен үйренген амалдарды әртүрлі тапсырмаларды орындауда қолдануды үйренеді. | Қазақ тілі |
| 128 | Өткенді пысықтау. | Оқушы алған білімі мен үйренген амалдарды әртүрлі тапсырмаларды орындауда қолдануды үйренеді. | Қазақ тілі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **2-сыныпта өткенді қайталау. 8 сағат.** | | | |
| 129 | 100 және 1000-ға дейінгі сандарың нөмірленуі. Шамалар және оларды өлшеу. | Оқушы 100-ге дейінгі сандарды оқу, жазу және салыстыру білімі мен дағдыларын қорытындылауға және жүйелеуге, 100 саны көлемінде ауызша және жазбаша есептеу дағдыларын жетілдіруге, оларды әртүрлі тапсырмаларды орындаған кезде қолдануға мүмкіндік алады. | Дүниетану |
| 130 | Есептер шығару. | Оқушы мәтіндік есептерді құру және шығару, құрамдас әрі кері есептерді шығарудың әртүрлі тәсілдерін табу білімдерін жүйелейді және қорытындылайды. | Дүниетану |
| 131 | Өрнектер (санды және әріпті), теңдеулер, теңдіктер, теңсіздіктер. | Оқушы санды әрі әріпті өрнектерді оқу, жазу мен салыстыру, құрылымы әртүрлі теңдеулерді шешу, әртүрлі теңдіктер мен теңсіздіктерді құру және жазу білімдерін жүйелейді және қорытындылайды. | Еңбекке баулу |
| 132 | Геометриялық фигурлар. Фигураның периметрі. | Оқушы геометриялық фигуралар туралы білімдерін, тіктөртбұрыш периметрін әртүрлі амалмен табу білімдерін жүйелейді және қорытындылайды. | Еңбекке баулу. Дене шыны-қтыру |
| 133–134 | IV тоқсан бойынша бақылау жұмысы. Қорытындылау. Білімдерін тексеру. | Оқушы IV тоқсанда өтілген материалдың меңгерілу деңгейін бақылаудан және өзін-өзі бақылаудан өтеді. Оқушы білім, білік, дағдыларын қорытындылайды, жүйелейді; алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік алады. | Қазақ тілі |
| 135–136 | Жылдық бақылау жұмысы. Оқылған материалды қорытындылау және жүйелеу. | Оқушы 2-сыныпта өтілген материалдың меңгерілу деңгейін бақылаудан және өзін-өзі бақылаудан өтеді. Оқушы білімі мен дағдыларын жүйелейді және қорытындылайды, алған білімін өмірдегі және оқу жағдайларында қолдануға мүмкіндік алады. | Қазақ тілі. Дүниетану. Еңбекке баулу |